

Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстарын жүргізу отырысының
хаттамасы

24 қаңтар 2024 жыл
Қатысқандар саны: 34 адам

Қандыағаш қаласы

Күн тәртібінде:

- 1. Сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау мақсатында қызметкерлер арасында тиісті түсіндіру жұмыстары туралы**

Тыңдалды:

- 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі А.Кулкаева сөз сөйледі:**

Колледжде жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары бекітіліп, сол жоспар негізінде арнайы іс-шаралар жүргізіліп келеді. Колледж студенттері үшін «Адалдық дүкені» жұмыс істейді. Шаралардың барлығы сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау мақсатында ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың бастамасы әрі бірегейі саналады. Келер ұрпақтың, қазіргі таңда білім алып жатқан білім алушылардың санасына осындай игі шаралар арқылы ісер ету заман талабы.

Сыбайлас жемқорлық- бұл мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қауіп, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін фактор.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті.

Колледждің білім беру саласында «Жемқорлықсыз сессия», «Таза сессия» акциясы үнемі өткізіліп тұрады. Акциябарысында ешқандай заңсыз фактілер тіркелген жоқ.

- 2. Бас есепші Ж.Буранкулова сөз сөйледі:**



Колледжде қаржы-шаруашылық саласында атқарылатын барлық шаралар, жүргізілетін жұмыстар заңнама талаптарына мұқият жасақталады (қаржы құжаттамасы, түгендеу тізімдемелері, жұмыс уақытын есепке алу табелі) Колледжде мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес жүргізіледі.

- 3. Кадр бөлімінің инспекторы А.Андабаева сөз сөйледі:**

Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы заңды жолмен жүзеге асырылады. Бос орындарға конкурс жүргізу үшін колледж директорының 01.09.2023ж №76 бұйрығы негізінде әңгімелесу жүргізуге құрылған конкурстық комиссия ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығына сәйкес жұмыс жасайды.

Колледж директоры:

Хатшы:

Б.Байбулов

А.Андабаева